

OUR HOUSE RULES

ЖАҢАҢДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ



Біз туралы

Біз — **отбасы құндылықтарына негізделген отбасылық компаниямыз** және бұл рух біздің атқарған әрбір ісімізден сезіліп тұрады.

Біздің ең басты жауапкершілігіміз — **бізге үлкен сенім артатын емделушілер мен дәрігерлер** алдында деп білеміз. Олар біздің барлық қызметіміздің басты назарында. Біздің миссиямыз — **нарықта әлі де шешімін таппаған медициналық қажеттіліктер бар салаларға басымдық бере отырып, жоғары сапалы дәрілік препараттарды ұсыну және оларды үнемі жетілдіріп отыру** арқылы көмек көрсету. Сондықтан біз тиімділігі жоғары, қауіпсіз әрі әрқашан сенімді өнімдерді жасап шығаруға бар күшімізді саламыз.

Ең заманауи жабдықтар мен озық жұмыс тәсілдерін енгізу, сондай-ақ қызметкерлерімізді үздіксіз оқыту мен дамыту арқылы біз **дәрі-дәрмектеріміздің мінсіз сапасына** ерекше мән береміз.

Кейде біз коммерциялық немесе қаржылық логикаға негізделмеген шешімдер қабылдауымыз мүмкін, себебі бұл емделушілерге қатысты ең дұрыс шешім болып табылады. **Денсаулыққа қамқорлық жасау**, тіпті ол ең тиімді жол болмаса да — біздің қызметіміздің ажырамас бөлігі.

Біз қызметкерлерімізге шын жүректен қамқорлық жасаймыз. Әрбір қызметкер өзін қауіпсіздікте сезінетін, құрметтелетін және өзін-өзі көрсете алатын жұмыс ортасын құруға тырысамыз. Біз әл-ауқатты, инклюзивтілікті және әртүрлілікті қолдаймыз, сондай-ақ барлық қызметкерлерге өсу, даму және мансаптық өрлеу үшін тең мүмкіндіктер береміз. PRO.MED.CS Praha a.s. отбасының әрбір мүшесі өзінің құнды екенін, пікірінің естілгенін және маңызды істің бір бөлшегі екенін сезінуі тиіс.

Біз сату, маркетинг және медициналық қолдау жөніндегі үздік командаларымыздың маңызды рөлін сезінеміз. Олардың білімі, өз ісіне деген берілгендігі мен кәсібилігі біздің ықпалымыз бен табысымыздың негізгі факторлары болып табылады, сондықтан біз олардың өз саласында көшбасшы болуы үшін барлық қажетті құралдармен және қолдаумен қамтамасыз етеміз.

Біз сондай-ақ **серіктестерімізбен және негізгі мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді, сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға** сенеміз. Ашық қарым-қатынас, өзара құрмет және ортақ мақсаттар ынтымақтастығымыздың негізі болып табылады және біз уақыт өте келе оларды нығайтуға ұмтыламыз.

Біз қоғам алдындағы жауапкершілігімізге байыпты қараймыз.

Біз салауатты және жауапты қаржылық тәжірибелерді ұстануға ниеттіміз. Компаниямызды тұрақты басқару және салықтық міндеттемелерімізді орындау арқылы біз бизнесіміз бен жұмыс істейтін қоғамдастықтардың тұрақтылығына үлес қосамыз. Біз бұл жауапкершілікке қамқорлықпен және өз рөлімізді терең сезіне отырып қараймыз, өйткені біздің жұмысымыз отбасыларды қолдайтынын және ұзақ мерзімді әл-ауқатқа ықпал ететінін түсінеміз.

Біз болашаққа бағдарланғанбыз. Инновацияларға, жаңа өнімдерге және жеке өндірісімізге инвестиция құя отырып, **табысты бизнес жүргіземіз.** Тәуекелдерді мұқият басқарамыз және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етеміз — өйткені ұзақ мерзімді өркендеу ғана біздің миссиямызды одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Томас Барес,
Үй иесі



Біздің құндылықтарымыз

*Біздің пайымымыз — миссиямызды
одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік
беретін ұзақ мерзімді өркендеу.*

СЕНІМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БАТЫЛДЫҚ

ҚҰРМЕТ

ЖАУАПКЕРШІЛІК

*Біздің миссиямыз — сапалы дәрілік препараттар ұсыну және қанағаттандырылмаған
қажеттіліктер бар салаларда оларды жетілдіру арқылы емделушілер мен дәрігерлерге
көмектесу.*



Кодексті басшылыққа алу

1 СЕНІМДІ БОЛУ

- Берген уәдемді орындаймын ба?
- Ешкім бақылап тұрмаған кезде де сапалы әрі адал ниетпен әрекет етемін бе?
- Өзгелер менің шындықты айтатыныма және өз міндеттемелерімді орындайтыныма сенімді бола ала ма?

2 ҮНТІМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫН БОЛУ

- Өзгелермен тиімді жұмыс істеймін бе?
- Кері байланысқа (сын-пікірлерге) құлақ түруге және өз тәсілімді өзгертуге (оны жақсартуға) дайынмын ба?
- Тек жеке жетістігім үшін емес, ортақ мақсаттар жолында жұмыс істеймін бе?

3 БАТЫЛ БОЛУ

- Бірдеңе дұрыс болмай жатқанда өз пікірімді ашық айталамын ба?
- Қалыптасқан жағдайға сыни тұрғыдан қарсы тұруға дайынмын ба?
- Қорқыныш пен сенімсіздікке қарамастан, батыл қадамдар жасаймын ба?

5 ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНУ

- Өз іс-әрекеттерім мен шешімдерімнің нәтижелері үшін жауапкершілікті өзіме аламын ба?
- Ресурстарды ұтымды және әдептілік аясында пайдаланамын ба?
- Компанияның, команданың және мүдделі тұлғалардың мүддесі үшін әрекет етемін бе?

4 ӨЗГЕЛЕРДІ ҚҰРМЕТТЕУ

- Өзгелерге ізеттілікпен, мейірімділікпен және әділдікпен қараймын ба?
- Өзгелерді түсіністікпен және айыптамай тыңдаймын ба?
- Менің сөздерім мен іс-әрекеттерімнің өзгелерге қалай әсер ететінін ескеремін бе?



Таңдау немесе қиын жағдайға тап болғанда, өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз:



ӘРЕКЕТ ЕТІҢІЗ! ҮНСІЗ ҚАЛМАҢЫЗ!

Біз барлық мәселелерді **құпия түрде** қарастырамыз, объективті тергеп-тексеруді қамтамасыз етеміз, билік органдарымен бірлесіп жұмыс істейміз және заңды міндеттемелерді орындаймыз. **Мәселе туралы адал ниетпен хабарлаған кез келген адамға** — оның қызметкер немесе мүдделі тарап болуына қарамастан — қолдау көрсетіледі.

Өз басшыңызға немесе негізгі байланыс тұлғасына жүгініңіз.

Мәселеңіз бойынша кадрлар бөліміне хабарласыңыз.

Бұл туралы **Speak Up Global** электрондық поштасы арқылы құпия түрде хабарлаңыз: speakup@promedcs.com

Мазмұны

1 Өзімізді қалай ұстаймыз

- Біз әркімді бағалаймыз және құрметтейміз
- Сіздің әл-ауқатыңыз — бәрінен биік
- Біз үлгі көрсетеміз
- Біз ашық қарым-қатынас жасаймыз
- Біз өз пікірімізді айтамыз — біз тыңдаймыз
- Біз дресс-кодты сақтаймыз

5 Біз бейжай қарамаймыз

- Біз ғылымға бейжай қарамаймыз
- Біз өз Қорымыз арқылы қамқорлық танытамыз
- Біз тұрақты дамуға бейжай қарамаймыз

2 Емделушілермен және медицина қызметкерлерімен қалай өзара әрекеттесеміз

- Біз шынайы қарым-қатынастамыз
- Біз медицина қызметкерлерімен жауапкершілікпен жұмыс істейміз
- Біз ресми өзара іс-қимылдарда нақты ережелерді ұстанамыз
- Біз ашықтықты қамтамасыз етеміз

6 Біз қауіпсіздік қағидалары мен нормативтік талаптарды сақтаймыз

- Біз заңдарды сақтаймыз және жауапкершілікпен әрекет етеміз
- Біз өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар болып отырамыз
- Біз адам құқықтарын қорғаймыз
- Біз парақорлық пен ыбайлас жемқорлыққа жол бермейміз
- Біз мүдделер қақтығысын болдырмаймыз

3 Жоғары стандарттарды қолдау

- Сапа — біздің басты басымдығымыз
- Біз дәрілік препараттарды мақсатты түрде әзірлейміз
- Біз клиникалық сынақтарды мұқият жүргіземіз
- Біз өнімнің өмірлік циклінің әрбір кезеңіне жауапкершілікпен қараймыз
- Емделушілердің қауіпсіздігі, фармакологиялық қадағалау және жағымсыз жағдайлар туралы хабарлау

7 Ақпарат пен деректер

- Біз дербесдеректерді қорғаймыз
- Біз корпоративтік ақпараттың құпиялылығын сақтаймыз
- Біз технологияларды жауапкершілікпен пайдаланамыз

4 Серіктестерімізбен қарым-қатынас

- Біз құндылықтарымызды бөлісетін серіктестерді таңдаймыз
- Біз жан-жақты тексеру жүргіземіз
- Біз жеткізудің этикалық тізбегін қолдаймыз

8 Ресурстарымызды қалай басқарамыз

- Біз нақты әрі шынайы есептілікті жүргіземіз
- Біз өзімізді жауапты корпоративтік азаматтар ретінде ұстаймыз
- Біз компаниямыздың активтеріне ұқыпты қараймыз



Біз өзімізді қалай ұстаймыз

- Біз бір-бірімізді құрметтейміз, кез келген пікірді қолдаймыз және әркімнің өзін жайлы сезінуі мен қолдау таба алуына жағдай жасаймыз.
- Біз ашық қарым-қатынасты қолдаймыз, бірдеңе дұрыс болмаған жағдайда ашық айтамыз және кадрлар бөлімі әрдайым көмекке дайын екенін білеміз.
- Біз қызметкерлердің әл-ауқатына қамқорлық жасаймыз, жұмыс ортамызға сай киінеміз және әркімнің үлгі бола алатынына сенеміз.
- Біз анық әрі кәсіби түрде сөйлесеміз, өзгенің уақытын құрметтейміз, кездесулерге дайын келеміз, мұқият тыңдаймыз, міндеттердің нақты бөлінуін қамтамасыз етеміз және әрдайым үлгі көрсетеміз.



Біз өзімізді қалай ұстаймыз

Біз әр адамды бағалаймыз және құрметтейміз

Біз әртүрлі мәдениеттерді, көзқарастарды және шығу тегін құрметтейміз. Әрбір адам бірдей құрметке лайық. Біз кемсітушілікке, қысым көрсетуге немесе өзгелердің жайлылығына нұқсан келтіретін кез келген әрекетке жол бермейміз. Сондай-ақ біз бір-біріміздің уақытымызды құрметтейміз — жиналыстарда ағылшын тілін пайдалану әркімге талқылауды бақылауға және оған қатысуға мүмкіндік береді.

Сіздің әл-ауқатыңыз — бәрінен биік

Өзіңізді физикалық, эмоционалдық және рухани тұрғыдан жақсы сезінгенде ғана жұмысыңыз өнімді болады. Егер сізге шамадан тыс жүктеме түскенін сезсеңіз немесе қолдау қажет болса, бұл туралы ашық айтуға қымсынбаңыз. Ешкім де өз денсаулығына зиян келтіріп жұмыс істемеуі тиіс.

Біз дресс-кодты сақтаймыз

Кәсіби ортамыз бен ортақ мәдениетімізді есте сақтай отырып, өз стиліңізді көрсетіңіз.

Біз ашық қарым-қатынас жасаймыз

Ашық әрі шынайы әңгімелер бізді күштірек етеді. Біздің есігіміз әрдайым ашық — идеяңыз болса да, мәселеңіз болса да немесе жай ғана сөйлескіңіз келсе де. Біз сабырлы әрі сындарлы түрде сөйлесеміз, бәрін жеке қабылдамаймыз және эмоциялар шегіне жеткенде кідіріс жасаймыз.

Саясат пен шетін тақырыптарды сыртта қалдырамыз

Біз әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастардың өкілдеріміз. Достық атмосфераны сақтау үшін саяси немесе жеке сипаттағы даулы тақырыптарды талқылаудан аулақ болып, бізді біріктіретін нәрсеге — біртұтас команда ретінде маңызды жұмыс атқаруға назар аударамыз.

Біз үлгі көрсетеміз

Көшбасшылық лауазымға байланысты емес. Әркім өзінің мейірімділігімен, ынтымақтастыққа дайындығымен, жауапкершілігімен және жағымды мінез-құлқымен өзгелерге шабыт бере алады. Біз бір-бірімізді қолдаймыз және бірдеңе дұрыс емес болып көрінсе, бұл туралы ашық айтамыз.





2

Емделушілермен және медицина қызметкерлерімен қалай өзара әрекеттесеміз

- Біз ашық қарым-қатынас жасаймыз және ғылыми деректерге сүйенеміз.
- Біздің медициналық қызметкерлермен (МҚ) өзара әрекеттесуіміз белгілі бір мақсатқа бағытталған және ашық сипатқа ие.



Емделушілермен және МҚ-мен қалай өзара әрекеттесеміз

Біз медицина қызметкерлерімен ынтымақтастыққа жауапкершілікпен қараймыз

Әрбір өзара әрекеттесу шынайы ғылыми немесе білім беру мақсатын көздеуі тиіс. Қонақ күту шаралары қарапайым болуы керек, ал консультациялық қызметтер шынайы қажеттілікке негізделіп, әділ нарықтық құн бойынша төленіп, тиісті келісімдермен рәсімделуі тиіс. Біз іс-шараларды қолдаған кезде, бұл оқытуды дамытуға және пациенттерге көрсетілетін көмектің сапасын жақсартуға бағытталады..

Біз шынайы қарым-қатынас жасаймыз

Емделушілермен, медицина қызметкерлерімен немесе мемлекеттік орган өкілдерімен байланыс жасасақ та, біз әрдайым ғылыми деректерге сүйене отырып, ақпаратты ашық әрі дәл жеткіземіз. Біз өнімнің артықшылықтарын нақты түсіндіреміз және тәуекелдер туралы жауапкершілікпен хабарлаймыз.

Біз барлық өзара әрекеттесуде нақты ережелерді ұстанамыз



Мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл, қайырымдылық көмек пен демеушілік қолдау қатаң этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Олар құжатпен рәсімделеді, алдын ала мақұлданады және денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға ықпал ететін нақты әрі құжатпен расталған қажеттілік болған жағдайда ғана ұсынылады.

Біз ашықтықты сақтаймыз

Ешқандай айла-шарғысыз. Біз ашық әрекет етеміз, барлық нормативтік талаптарды сақтаймыз және әрдайым емделушілердің игілігі мен жауапты ынтымақтастыққа бағытталған шешімдер қабылдаймыз.

Сіз білдіңіз бе...

Әрбір жұмыс күні біздің медициналық өкілдеріміз 6 000-нан астам медицина қызметкерімен жеке кездеседі.





3

Жоғары стандарттарды қолдау

- Біз сапа мен сәйкестіктің ең жоғары стандарттарын сақтаймыз.
- Біз зерттеулер мен клиникалық сынақтарды жауапкершілікпен, қауіпсіз әрі этикалық түрде жүргіземіз.
- Біз сенімді жүйелерге, заманауи технологияларға және білікті мамандарға сүйенеміз.



Жоғары стандарттарды қолдау

Сапа — біздің басты басымдығымыз

Біз зерттеулерден бастап өндіріске дейінгі барлық кезеңдерде GMP, GDP және басқа да халықаралық стандарттарды қатаң сақтаймыз. Білікті мамандар мен заманауи әдістердің арқасында біз әрбір өнімнің қауіпсіз, сенімді және жоғары сапалы болуын қамтамасыз етеміз.

Біз дәрілік заттарды нақты бір мақсатпен әзірлейміз

Біздің зерттеулеріміздің негізінде ашықтық пен емделушілерге, қоғамға және қоршаған ортаға деген шынайы қамқорлық қағидаттары жатыр. Әрбір жоба нақты медициналық қажеттіліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мұқият бағаланады.

Емделушілердің қауіпсіздігі, фармакологиялық қадағалау және жағымсыз жағдайлар туралы хабарлау

Емделушілердің қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында тұрады. Қауіпсіздікке қатысты кез келген жағымсыз жағдай немесе мәселе туралы 24 сағат ішінде pharmacovigilance@promedcs.com немесе vpois@promedcs.com мекенжайы бойынша хабарлау қажет.

Біз клиникалық сынақтарды ерекше мұқияттылықпен жүргіземіз

Барлық зерттеулер тиісті клиникалық практика қағидаттарына және ең жоғары этикалық стандарттарға сәйкес жүргізіледі. Пациенттердің қауіпсіздігі мен деректердің тұтастығы әрдайым бірінші орында тұрады, бұл сенімді процестер мен ашық ынтымақтастық арқылы қамтамасыз етіледі.

Біз өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдеріне жауапкершілікпен қараймыз

Біздің реттеуші мәселелер жөніндегі командалар әзірлеу, сынақтан өткізу, өндіру, дистрибуциялау және ағымдағы жаңартуларды қоса алғанда әрбір кезеңді бақылайды. Біз құжаттаманың дәлдігін қамтамасыз етеміз, нормативтік талаптарды сақтаймыз және денсаулық сақтау органдарымен тығыз ынтымақтастық жасаймыз.





4

Серіктестерімізбен қарым-қатынас

- Біз өзіміздің адалдық, сапа және нормативтік талаптарды сақтау стандарттарымызға сәйкес келетін серіктестерді таңдаймыз.
- Біз заңды тұрғыдан негізделген, этикалық және қаржылық тұрғыдан тұрақты серіктестік қарым-қатынастарды қамтамасыз ету үшін мұқият тексеру жүргіземіз.
- Біз балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбекті немесе қауіпті жұмыс жағдайларын қолдануға жол бермейтін этикалық жеткізу тізбегін қолдаймыз.



Серіктестерімізбен қарым-қатынас



Біз құндылықтарымызды бөлісетін серіктестерді таңдаймыз

Біз тек адалдықты, сапаны және сенімділікті көрсететін жеткізушілермен және серіктестермен жұмыс істейміз. Іріктеу процесі ашық, объективті және құжатпен рәсімделеді. Біз сыбайлас жемқорлыққа, адам құқықтарының бұзылуына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге қатысы бар тұлғалармен ынтымақтастық жасамаймыз. Алмасылатын барлық ақпарат қорғалған болуы және ешқашан жеке пайда немесе бәсекелестік артықшылық алу үшін пайдаланылмауы тиіс.



Біз мұқият тексеру жүргіземіз

Кез келген ынтымақтастықты бастамас бұрын біз заңнаманың сақталуын, қаржылық тұрақтылықты, этикалық мінез-құлықты және біздің стандарттарымызға сәйкестікті тексереміз. Қауіп-қатері (тәуекелі) жоғары серіктестер қосымша тексерулерден және тұрақты мониторингтен өтеді. Егер серіктес біздің үмітімізді ақтамаса, біз ынтымақтастықты тоқтата аламыз.

Біз этикалық жеткізу тізбегін қолдаймыз

Біз балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбекті немесе қауіпті жұмыс жағдайларын қолдануға мүлдем жол бермейміз. Жеткізушілер халықаралық еңбек стандарттарын сақтауға және адамдар мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға міндетті. Біз серіктестерге аудит жүргізіп, қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдай аламыз.

Айта кету керек...

PRO.MED.CS компаниясының барлық қоныстанған құрлықтарда серіктестері бар — біз бүкіл әлем бойынша сенімді қарым-қатынастар орнатамыз!

Ынтымақтастығымыздың табысты болуы үшін әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек!



5

Біз бейжай қарамаймыз

- Біз ISG және DBA көмегімен ғылымды қолдаймыз.
- Біз өз қорымыз арқылы болашаққа қамқорлық жасаймыз.
- Біз тұрақты даму қағидаттарын ұстанамыз.



Біз ғылымға бейжай қарамаймыз

Біз бүкіл әлемдегі зерттеушілермен және медицина мамандарымен ынтымақтаса отырып, ғылыми прогресті қолдаймыз. Халықаралық гастроэнтерология симпозиумы (ISG) және доктор Барес атындағы сыйлығымыз (DBA) арқылы біз сарапшылардың білім алмасуына және гастроэнтерология мен гепатологияның дамуына ықпал ететін алаңдар құруға көмектесеміз.

Біз өз қорымыз арқылы қамқорлық танытамыз

Біздің қайырымдылық қызметіміз бен қорымыз қолдау алу мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмектесуге бағытталған. Әріптестеріміздің белсенді қатысуымен біз көмекке шын мәнінде мұқтаж жобалар мен ұйымдарды анықтап, оларға қолдау көрсетеміз.

Біз бейжай қарамаймыз

Біз тұрақты дамуға қамқорлықпен қараймыз

Біз адамдар мен қоршаған ортаға тигізетін әсеріміз үшін жауаптымыз. Тұрақты даму қағидаттары ресурстарды қалай пайдаланатынымызды, өнімдерімізді қалай әзірлейтінімізді, өндіретінімізді және тарататынымызды айқындайды. Біз қалдықтарды азайтамыз, энергияны ұтымды пайдаланамыз және әдепті әрі жауапты тәжірибелерге деген адалдығымызды бөлісетін серіктестерді таңдаймыз.

Тарихымыздың бір бөлшегі

Доктор Барес атындағы сыйлықты 1993 жылы біздің негізімізді қалаушы доктор Рудольф Барес тағайындаған болатын. Демек, бұл доктор Барес атындағы сыйлық 30 жылдан астам уақыт бойы табысталып келеді!





6

Біз қауіпсіздік ережелері мен нормативтік талаптарды сақтаймыз

- Біз барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтаймыз, мүдделер қақтығысын болдырмаймыз және адал әрекет етеміз.
- Біз парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа, кемсітушілікке және адам құқықтарының бұзылуына жол бермейміз.
- Біз міндетті оқытуды жүргізу және кез келген жағымсыз жағдайлар туралы хабарлаудың қатаң тәртібін қамтамасыз ету арқылы қауіпсіздікке басты назар аударамыз.



Біз қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз және нормативтік талаптарды сақтаймыз



Біз заңдарды сақтаймыз және жауапкершілікпен әрекет етеміз

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын әрбір елдің барлық қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілерін, сондай-ақ біз белсенді мүшесі болып табылатын немесе біз үшін міндетті болып табылатын жергілікті салалық қауымдастықтардың кодекстерін сақтаймыз. Осы Кодекс пен жергілікті немесе халықаралық нормативтік актілер арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, неғұрлым қатаң стандарттар қолданылады.

Біз парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты үзілді-кесілді теріске шығарамыз

Біз ешқандай жағдайда парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа немесе заңсыз төлемдерге жол бермейміз. Шешім қабылдауға әсер ету немесе заңсыз артықшылықтар алу үшін сыйлықтарды, ақшаны немесе қызметтерді пайдалануға тыйым салынады. Біз серіктестерімізден де осыны талап етеміз.

Біз үнемі хабардар болып отырамыз

Әрбір қызметкер нормативтік талаптарды сақтау және этикалық мінез-құлық мәселелері бойынша жүйелі түрде тиісті оқытудан өтеді, бұл бізге бірлесіп әрекет етуге және соңғы өзгерістерден хабардар болуға мүмкіндік береді.

Біз мүдделер қақтығысын болдырмаймыз

Біз жеке мүдделер біздің жұмыс шешімдерімізге әсер етуі мүмкін, немесе әсер етеді деген түсінік тудыратын — кез келген жағдайлардан аулақ боламыз. Сіз ешқандай жағдайда өзіңіздің қызметтік жағдайыңызды жеке пайдаңыз үшін пайдаланбауыңыз керек. Әділдікті қамтамасыз ету үшін кез келген келісімді жасасар алдында, әдетте, кемінде екі ұсыныс алынуы тиіс.

Біз адам құқықтарын қорғаймыз

Біз барлық қызметкерлердің қадір-қасиетін, бостандығы мен теңдігін құрметтеу қағидаттарын ұстанамыз. Біз ешқандай жағдайда кемсітушілікке, балалар еңбегін немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейміз.

Басты назарда

PRO.MED.CS компаниясының әрбір препараты қатаң еуропалық фармацевтикалық стандарттарға сәйкес өндіріледі, содан кейін әлемнің 30-дан астам еліне жеткізіледі, бұл барлық емделушілер үшін тұрақты сапаны қамтамасыз етеді.



Біз қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз және нормативтік талаптарды сақтаймыз



Біз заңдарды сақтаймыз және жауапкершілікпен әрекет етеміз

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын әрбір елдің барлық қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілерін, сондай-ақ біз белсенді мүшесі болып табылатын немесе біз үшін міндетті болып табылатын жергілікті салалық қауымдастықтардың кодекстерін сақтаймыз. Осы Кодекс пен жергілікті немесе халықаралық нормативтік актілер арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, неғұрлым қатаң стандарттар қолданылады.

Біз үнемі хабардар болып отырамыз

Әрбір қызметкер нормативтік талаптарды сақтау және этикалық мінез-құлық мәселелері бойынша жүйелі түрде тиісті оқытудан өтеді, бұл бізге бірлесіп әрекет етуге және соңғы өзгерістерден хабардар болуға мүмкіндік береді.

Біз парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты үзілді-кесілді теріске шығарамыз

Біз ешқандай жағдайда парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа немесе заңсыз төлемдерге жол бермейміз. Шешім қабылдауға әсер ету немесе заңсыз артықшылықтар алу үшін сыйлықтарды, ақшаны немесе қызметтерді пайдалануға тыйым салынады. Біз серіктестерімізден де осыны талап етеміз.

Біз мүдделер қақтығысын болдырмаймыз

Біз жеке мүдделер біздің жұмыс шешімдерімізге әсер етуі мүмкін, немесе әсер етеді деген түсінік тудыратын — кез келген жағдайлардан аулақ боламыз. Сіз ешқандай жағдайда өзіңіздің қызметтік жағдайыңызды жеке пайдаңыз үшін пайдаланбауыңыз керек. Әділдікті қамтамасыз ету үшін кез келген келісімді жасасар алдында, әдетте, кемінде екі ұсыныс алынуы тиіс.

Біз адам құқықтарын қорғаймыз

Біз барлық қызметкерлердің қадір-қасиетін, бостандығы мен теңдігін құрметтеу қағидаттарын ұстанамыз. Біз ешқандай жағдайда кемсітушілікке, балалар еңбегін немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейміз.



Ақпарат пен деректер

- Біз қатаң құпиялылық пен қауіпсіздік шаралары арқылы барлық жеке және корпоративтік деректерді қорғаймыз.
- Біз технологияларды жауапкершілікпен пайдаланамыз және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің озық әдістерін ұстанамыз.
- Біз барлық қаржылық және нормативтік есептіліктің толық ашықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етеміз.



Ақпарат пен деректер

Біз дербес деректерді қорғаймыз

Біз дербес деректерге ұқыптылықпен қараймыз. Ақпарат сенімді түрде және әрдайым дербес деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңнамаға және біздің ішкі саясаттарымызға сәйкес сақталады. Біз деректерді тек заңды іскерлік мақсаттар үшін ғана жинаймыз және пайдаланамыз, сондай-ақ оларды рұқсатсыз кіруден немесе заңсыз пайдаланудан қорғаймыз.

Біз корпоративтік ақпараттың құпиялылығын сақтаймыз


Компанияның құпия ақпараты құпия күйінде қалуы тиіс. Оны ешбір жағдайда бөгде тұлғаларға, соның ішінде жұмыстан шыққаннан кейін де беруге болмайды, және біз ақпараттың кездейсоқ немесе қасақана таралуын болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдаймыз.

Біз технологияларды жауапкершілікпен пайдаланамыз

Біз корпоративтік жүйелерді қауіпсіз пайдаланамыз және киберқауіпсіздіктің озық тәжірибелерін ұстанамыз: сенімді құпия сөздерді, көпфакторлы аутентификацияны пайдаланамыз, күмәнді әрекеттер туралы хабарлаймыз және қауіпті бағдарламалық жасақтамаларды немесе веб-сайттарды пайдаланудан аулақ боламыз.

Сіз білесіз бе...

PRO.MED.CS компаниясында қазірдің өзінде үшінші буын өкілдері белсенді еңбек етіп жатыр!





8

Ресурстарымызды қалай басқарамыз

- Біз дұрыс шешімдер қабылдауға және сенімді нығайтуға ықпал ету үшін шынайы әрі толық есептілікті жүргіземіз.
- Біз компания ресурстарын үнемдейміз, оларды жауапкершілікпен және тек жұмыс мақсаттарында ғана пайдаланамыз.
- Біз өз заңды міндеттемелерімізді орындай отырып және қоғамымыздың өміріне үлес қоса отырып, өзімізді жауапты корпоративтік азамат ретінде ұстаймыз.



Ресурстарымызды қалай басқарамыз

Біз құжаттаманы адал әрі дәл жүргіземіз

Біз толық, шынайы әрі өзекті қаржылық және операцияндық есептілікті жүргіземіз. Нақты ақпарат бізге дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі және әріптестеріміздің, серіктестеріміз бен жергілікті қоғамдастықтардың сенімін нығайтады.

Біз өзімізді жауапты корпоративтік азамат ретінде ұстаймыз



Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын барлық елдерде заңды міндеттемелерді, соның ішінде салықтар мен алымдарды уақытылы төлеуді орындаймыз. Біз этикалық қаржылық тәжірибелер мен жауапты мінез-құлық арқылы жергілікті қоғамдастықтардың дамуына үлес қосамыз.

Біз компаниямыздың активтеріне ұқыпты қараймыз

Біз компания мүлкін — материалдық, қаржылық, цифрлық және зияткерлік мүлікті жауапкершілікпен пайдаланамыз. Әрбір қызметкерден ресурстарға ұқыпты қарау, оларды мақсатсыз пайдаланудан аулақ болу және тек заңды іскерлік мақсаттарда ғана қолдану күтіледі.

Сіз білесіз бе...

PRO.MED.CS жыл сайын миллиардтан астам таблетка, қабықпен қапталған таблетка және капсула шығарады. Бұл күніне 2,7 миллионнан астам дана деген сөз.





Қысқартулар

- HCP: медицина қызметкері (МҚ)
- GO: мемлекеттік лауазымды тұлғалар
- ISG: Халықаралық гастроэнтерология симпозиумы
- DBA: Доктор Барес атындағы сыйлық
- GMP: Тиісті өндірістік тәжірибе
- GDP: Тиісті дистрибьюторлық тәжірибе
- GCP: Тиісті клиникалық тәжірибе

* Осы құжатта берілген барлық суреттер тек көрнекілік мақсатын көздейді

*Бұл нұсқа 09/26 бастап жарамды.



Біздің миссиямыз — сапалы дәрілік заттарды ұсыну және қанағаттандырылмаған қажеттіліктер бар салаларда оларды жетілдіру арқылы емделушілер мен дәрігерлерге көмек көрсету.